

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (3)
шілде-қыркүйек
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2024
© Авторлар ұжымы, 2024

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Гелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Коллектив авторов, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2024

© Group of authors, 2024

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyazhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 11. Is. 3, pp. 585–599, 2024
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_39_3_585-599

THE RELIGIOUS NATURE OF THE BASMACHI MOVEMENT IN SOVIET CENTRAL ASIA (1918–1930)

Talgat Zholdassuly^{1*}, Taiman Sagat Tamshybaiuly², Aizhamal Kudaibergenova³

¹Korkyt Ata Kyzylorda University
(29A, Aiteke bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
Doctor of philosophy (PhD), acting Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Korkyt Ata Kyzylorda University
(29A, Aiteke bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, associate professor
 <https://orcid.org/0000-0002-0547-9837>. E-mail: st-1968@mail.ru

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Chief Researcher, Doctor of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-9918-385X>. E-mail: akudaybergen@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024
© Zholdassuly T., Taiman S.T., Kudaibergenova A., 2024

Abstract. *Introduction.* The article delves into the religious underpinnings of the Basmachi movement's resistance against the Soviet government, offering insights into the historical backdrop of Soviet religious policies in the region. Covering the extensive uprisings that spanned nearly all of the present-day Central Asian states and endured for years, the exploration takes a comprehensive territorial perspective on this complex history. *Goals and objectives.* This study reveals and analyzes the religious essence of the Basmachi movement, scrutinizing the Soviet authorities' religious policies in response to these uprisings. It establishes connections between the mentioned movement and Kazakhstan, drawing on diverse sources for a comprehensive understanding by delineating the distinct religious and political climates of that era. *Results.* In response to the protests ignited in Central Asia post the October Revolution, the Soviets exercised caution, temporarily halting their anti-religious policies due to the perceived threat of Soviet reforms to the traditional societal fabric, as perceived by leaders of publishing groups. These figures deemed the Bolsheviks as “irreligious” and, consequently, rallied against Soviet authorities employing a variety of religious slogans. While not all local Muslims were involved in these uprisings, a substantial number aligned themselves as supporters of the cause. *Conclusion.* These disparate uprisings, lacking a centralized command and operating without a unified objective or external support, ultimately succumbed to defeat. Subsequently, as Soviet power firmly took hold in the region, Soviet historiography shaped a negative portrayal of the publishers involved in these movements.

Keywords: Basmachi movement, Islam, Bolsheviks, atheism, rebellion, religious tradition, propaganda

Acknowledgments. This article was prepared within the framework of the scientific project AP19677780, focusing on the “M. Shokai’s ideals of statehood: Science from history, ideological continuity”.

For citation: Zholdassuly T., Taiman S.T., Kudaibergenova A. The religious nature of the basmachi movement in soviet Central Asia (1918–1930) // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2024. Vol. 11. No. 3. Pp. 585–599. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_585-599

СОВЕТТІК ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДІНИ СИПАТЫ (1918–1930)

Жолдасұлы Талғат^{1*}, Тайман Сағат Тамшыбайұлы², Айжамал Ибрагимқызы Құдайбергенова³

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.
 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
 <https://orcid.org/0000-0002-0547-9837>. E-mail: st-1968@mail.ru

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28 үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Бас ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының докторы, доцент
 <https://orcid.org/0000-0002-9918-385X>. E-mail: akudaybergen@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Жолдасұлы Т., Тайман С.Т., Құдайбергенова А.И., 2024

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада советтік билікке қарсы орын алған басмашылар қозғалысының діни сипаты мен оған қатысты советтік биліктің аймақтағы діни саясатының тарихы қарастырылады. Қазіргі Орта Азия мемлекеттерінің шамамен барлығын қамтыған және ұзақ жылдарға созылған бұл көтерілістердің тарихы аумақтық тұрғыда тұтас қарастырылатын болады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Басмашылар қозғалысының діни сипатын және советтік биліктің бұл көтерілістерге қатысты аймақта ұстанған діни саясатын ашып көрсету және талдау. Әртүрлі дереккөздер арқылы аталған қозғалысты Қазақстанмен байланыстыра отырып, сол кезеңнің діни және саяси ахуалын саралау. *Нәтижелер.* Орта Азияда қазан революциясынан кейін басталған наразылықтардың себебінен советтер мұсылмандардың діни сеніміне қатысты өте мұқият қимылдады, яғни олар дінге қарсы саясатынан уақытша бас тартты. Себебі басмашы топтарының басшылары советтердің реформаларын өздерінің дәстүрлі қоғамына қауіпті көрді және большевиктерді «дінсіз» санады. Сөйтіп советтік билікке қарсы әртүрлі діни ұрандармен күрес жүргізді. Әрине бұл көтерілістерге жергілікті бүкіл мұсылмандар қатысты деу қиын. Бірақ қолдаушылар да аз болмады. *Қорытынды.* Бір орталыққа бағындырылмаған және ортақ мақсатта қимылдамаған және сырттан ешқандай көмек ала алмаған ірілі-ұсақты бұл көтерілістер жеңіліске ұшырап отырды. Ал, советтердің аймақта билігі әбден орныққан соң, советтік тарихнама арқылы басмашылар туралы жағымсыз көзқарас қалыптастырылды.

Түйін сөздер: Басмашылар қозғалысы, ислам, большевиктер, атеизм, көтеріліс, діни дәстүр, үгіт-насихат

Алғыс айту. Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен АР19677780 «М. Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихтан тағылым, идеялық сабақтастық» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Жолдасұлы Т., Тайман С.Т., Құдайбергенова А.И. Советтік Орта Азиядағы басмашылар қозғалысының діни сипаты (1918–1930) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 3. 585–599 бб. (Қазақ.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_585-599

РЕЛИГИОЗНЫЙ ХАРАКТЕР ДВИЖЕНИЯ БАСМАЧЕСТВА В СОВЕТСКОЙ СРЕДНЕЙ АЗИИ (1918–1930 гг.)

Жолдасұлы Талғат^{1*}, *Тайман Сағат Тамшыбайұлы*², *Айжамал Ибрагимовна Құдайбергенова*³

¹Кызылординский университет имени Коркыт Ата

(д. 29А, ул. Айтеке би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)

Доктор философии (PhD), и.о. доцента

 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата

(д. 29А, ул. Айтеке би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0002-0547-9837>. E-mail: st-1968@mail.ru

³Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Главный научный сотрудник, доктор исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0002-9918-385X>. E-mail: akudaybergen@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Жолдасұлы Т., Тайман С.Т., Құдайбергенова А.И., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается религиозный характер басмашского движения против советской власти и история советской религиозной политики в регионе. История этих восстаний, охвативших почти все современные государства Центральной Азии и продолжавшаяся многие годы, будет рассмотрена в целом с территориальной точки зрения. *Цель и задачи исследования.* Выявление и анализ религиозной природы басмаширского движения и религиозной политики советских властей региона в отношении этих восстаний. Дифференциация религиозно-политического климата того периода, связывание упомянутого движения с Казахстаном через различные источники. *Результаты.* В ответ на протесты, вспыхнувшие в Центральной Азии после Октябрьской революции, Советы проявили осторожность, временно приостановив свою антирелигиозную политику из-за предполагаемой угрозы советских реформ традиционной общественной структуре, как это воспринималось лидерами издательских групп. Эти деятели считали большевиков «нерелигиозными» и, следовательно, выступали против советской власти, используя различные религиозные лозунги. Хотя не все местные мусульмане участвовали в этих восстаниях, значительная их часть присоединилась к их сторонникам. *Заключение.* Эти разрозненные восстания, лишённые централизованного управления и действовавшие без единой цели и внешней поддержки, в конечном итоге потерпели поражение. Впоследствии, когда советская власть прочно утвердилась в регионе, советская историография сформировала негативный образ издателей, участвовавших в этих движениях.

Ключевые слова: Басмаческое движение, ислам, большевики, атеизм, бунт, религиозная традиция, пропаганда

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта AP19677780 «Идеалы государственности М. Шокая: исторический опыт, идеологическая преемственность».

Для цитирования: Жолдасулы Т., Тайман С.Т., Кудайбергенова А.И. Религиозный характер движения басмачества в советской Средней Азии (1918–1930) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 3. С. 585–599. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_585-599

Кіріспе

Қазан революциясынан кейін большевиктерге Орта Азияда өз билігін мойындату оңайға түспегені белгілі. Орта Азияның түркі мұсылман халықтарының большевиктерге қатысты көзқарасы әртүрлі болды. Әрине аймаққа билігі толық орнықпаған большевиктер де мұсылман халықтардың қолдауына мұқтаж еді және сол себептен қазан революциясынан кейін мұсылман халықтарға әртүрлі уәделер берді. Бірақ берілген уәделер орындалмай жатты. Мәселен, соның бірі ұлттық автономия мәселесі еді. Жергілікті халықпен санаспаған большевиктердің әрекеттері түрлі наразылықтарға себеп болды. Сондай наразылықтың бірі басмашылар қозғалысы еді (түркі тілдерінде «басмақ» сөзі – шабу, шабуыл жасау, басып алу дегенді білдіреді, сондықтан басмашы сөзі орыс тіліне қарақшы, бандит деп аударылған). 1918 жылдың ақпанында большевиктер тарапынан Қоқан автономиясы құлатылған соң тарихта ұзақ жылдарға созылған басмашылар қозғалысы деген атпен қалған наразылықтар басталды. Жалпы бұл қозғалыстың жалпы әртүрлі әлеуметтік-саяси себептері болды. Бірақ негізгі себебі большевиктердің жергілікті дәстүрлі қоғамдық-саяси қатынастарды жаңа реформалар арқылы түбегейлі өзгертіп заманауи мемлекет құру жолындағы алғашқы қадамдары еді, яғни ол реформаларды жергілікті мұсылман халықтар өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне төнген қауіп деп санады.

Әсіресе Совет үкіметінің дінді мемлекеттен бөліп, зайырлы мемлекет құру әрекеті діни дәстүрлерге өте берік мұсылман қоғамының қарсы реакцияларына себеп болды. Оның үстіне, большевиктер алғашқы кезде қанша жасыруға талпынса да Орта Азиялық мұсылман халықтар олардың атеистік көзқарастарынан да хабардар еді. Осылайша діни фанатизм басым болған аймақтарда советтердің зайырлы реформалары мен олардың атеистік көзқарастары «дінсіздік» саналды. Бұл зерттеуде Орта Азиядағы сол кезеңдегі басмашылар қозғалысының діни сипатының болып болмағанына, көтерілістерге дінбасылардың қатысып қатыспағаны және ол діни сипаттағы көтерілістердің Қазақстанда да орын алып алмағанына жауап ізделеді. Сондықтан да зерттеудің негізгі мақсаты – сол кезеңде қазіргі Орта Азиядағы бес елдің аймағын түгел қамтыған басмашылар қозғалысының діни сипатын ашып көрсету және Қазақстандағы діни сипаттағы наразылықтарды сол басмашылар қозғалысымен тұтас қарастыру. Сонымен қатар, басмашылар қозғалысына байланысты советтік биліктің діни саясатының қай бағытта болғанын талдау да зерттеудің мақсат-міндетіне кіреді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі материалдарын Қазақстан Республикасы архивтері қорларындағы құжаттар құрайды. Дәлірек айтқанда, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің (ҚР ПА) 141 – қоры (Казахский краевой комитет ВКП(б), 1925–1937), Қызылорда облыстық Полиция департаменті архивінің (ҚОПДА) 12 – қоры (Ақтауға жатпайтын азаматтардың қылмыстық істері) және Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия тарапынан дайындалған архив материалдары қолданылды. Оған қоса, Ресейлік және Қырғызстандық архивтердің жарияланған (Против религиозного обмана и мракобесия: Сборник материалов о реакционной роли религии, антиобщественной деятельности служителей культа в Киргизии. Фрунзе: Кыргызстан, 1970; Ислам и советское государство, Выпуск 1: (по материалам Восточного отд. ОГПУ. 1926 г.), Москва: Издательский дом Марджани, 2010; Ислам и советское государство (1917–1936). Сборник документов. Выпуск 2, Москва: Издательский дом Марджани, 2010) материалдары мен құжаттары пайдаланылды.

Сонымен бірге, түпдерек ретінде Мұстафа Шоқайдың 1920–1925 жылдары басмашыларға қатысты «Вольный горец», «Дни» атты (М. Шоқай, «Мятежная Фергана», Вольный горец, Тбилиси, 1920 ж. 29 наурыз; «Гробница пророка», Дни, Париж, 1924 ж. 24 мамыр; М. Шоқай, «Во имя Аллаха, Милостивого», Дни, Париж, 1925 ж. 10 қараша) мерзімді басылымдарда жарияланған жазбаларының қолданылғанын айта кету керек. М. Шоқайдың басмашыларға байланысты әртүрлі мерзімді басылымдарда жарияланған жазбаларының деректік маңызы зор, себебі М. Шоқайдың өзі де баста бұл көтеріліске куә болған. Архив түпдеректері мен басқа да әртүрлі тілдерде жарияланған түрлі деректерді өңдеуде мәтінді талдау, деректің шынайылығын анықтау, салыстырмалы анализ жасау және сипаттау зерттеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, тарих ғылымында қалыптасқан хронологиялық, тарихилық, объективтілік ұстанымдары басшылыққа алынды. Объективтілік принцип басмашылар қозғалысының діни сипаты мен оған қатысты мемлекеттің исламдық саясатын ашып көрсетуге және бағалауға мүмкіндік беретін болады.

Талқылау

Мақалада бірнеше тілде жарияланған еңбектер қолданылды. Қолданылған зерттеулерді советтік, батыстық, Түркиялық, Ресейлік және Орта Азиялық деп бөлуге болады. Басмашылыққа қатысты советтік зерттеулердің көпшілігін (мысалы, Ю.Г. Петраш, Тень средневековья, Алма-Ата: Казахстан, 1981; N.A. Smirnov, Sovyet Rusyada İslam Tarihi İncelemeleri, İstanbul: Evrensel Basım Yayınları, 2005; Т.С. Саидбаев, Ислам и общество, Москва: Наука, 1984) объективті тұрғыда жазылған деуге келмейді. Себебі атеистік идеология үстемдік еткен қоғамда антисоветтік және діни сипаттағы наразылықтар біржақты бағаланғаны белгілі. Советтік Орта Азияда 1929 жылдан бастап дінге қарсы пропаганда жаппай науқан алған кезеңде дінбасылар (молда, факих, ахун, ишан) қанаушы тапқа жатқызылып, оларға қарсы тікелей шабуыл да, пропаганда да жаппай сипат алды және сол кезеңнен бастап басмашы қозғалысына қарсы да советтік тарихнамада жағымсыз көзқарас қалыптастырылды. Мысалы, советтік зерттеуші Н.А. Смирнов: Орта Азияда ислам дініне қызмет еткендер, басмашылар көтерілісін қоздырып, басмашыларға мүмкіндігінше көмектескен ағылшын империализмінің агенттерінің нұсқауымен әрекет етіп, басмашылар көтерілісі кезінде өздерінің контрреволюциялық үгіт-насихаттарын барынша ашық жүргізді (Smirnov, 2005: 184), - деп жазады. Бірақ бұл мақалада атеистік тұрғыда жазылған сондай кейбір советтік зерттеулер де дерек ретінде қолданылды және ол деректерге объективті түрді талдау жасалды.

Басмашылар қозғалысына қатысты тәуелсіздіктен кейін жарияланған кейбір Орта Азиялық тікелей немесе жанама түрдегі зерттеулерде және Түркиялық еңбектерде (мысалы, O. Yeşilot, Burcu Özdemir, “Sovyet Arşiv Belgeleri Işığında Basmacı Hareketi”, Belleten, Nisan 2021, Cilt: 85/Sayı: 302; A. Yaman, Türk Dünyasında İslam, Sovyet Ateizmi ve Kültürel Süreklilik, İstanbul: Elips Kitap, 2012) басмашылар қозғалысына көбіне ұлттық тұрғыда баға беріліп, оның біржақты ұлт-азаттық күрес ретінде сипатталып келе жатқаны да жасырын емес. Сонымен қатар, бұл зерттеулердің (мысалы, А.М. Салмонов, Узбекистонда мусулмон диний муассаса ва ташкилотлар фаолияти тарихи (1917–1950 йиллар), Тарих фанлари номзоди илмий даражасини олиш учун тақдим этилган диссертация, Фарғона давлат университети, Фарғона 2008; М.К. Койгелдиев, Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов, Алматы: Искандер, 2009; К. Есмағамбетов. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 1 том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012) соңғы кезде ғылыми айналымға енген жаңа деректерге бай екенін де айта кеткен жөн. Сондықтан аталған зерттеуде осындай еңбектер де қолданылды.

Совет Одағы тараған соң батыс елдерінде де (A Khalid, Komünizmden Sonra İslam Orta Asyada Din ve Politika, Ankara: Sitare Yayınları, 2011; E. Tasar, Soviet and Muslim: The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943–1991, New York: Oxford University Press, 2017; V. Monteil, Sovyet Müslümanları, İstanbul: Pınar Yayınları, 1992), Ресейде де (Россия – Средняя Азия: Политика и ислам в конце XVIII – начале XXI века, Москва: Издательство Московского университета, 2013; Ю.Н. Гусева, Ишанизм как суфийская традиция Средней Волги

в XX веке: формы, смыслы, значение, Москва: ИД «Медина», 2013; В.А. Ахмадуллин, Государственно-мусульманские отношения в СССР в 1944–1965 гг., Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук, Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, Москва 2020) советтік діни саясатқа және басмашыларға қатысты сапалы зерттеулер жарияланып келе жатқаны белгілі. Мақалада қолданылған үшінші топтағы зерттеулерді батыстық және Ресейлік зерттеулер құрайды. Совет үкіметі басмашыларды діни фанатизм және реакцияшылдықпен айыптады. Зерттеуші А. Халид, көптеген басмашы жетекшілері исламды қорғау үшін әрекет еттік деп мәлімдегенімен, олар негізінен орыстар мен қалалық реформист мұсылмандарды өздерінің дәстүріне қауіпті деп санап, негізінен олардан өздерінің дәстүрлі өмір салтын қорғауға тырысты деп топшыласа (Khalid, 2011: 69–70), тарихшы Е. Тасар, басмашылардың көзқарастарының бізге тек оларға дұшпандық көзқараста болған совет тарихшылары мен негізінен жанашыр емес шетелдік бақылаушылардың есептері арқылы жеткенін айтады. Оған қоса Тасар, қазіргі кезеңдегі посткеңестік Орта Азия зерттеушілері болса басмашыларды киелілендіріп, азаттық жолындағы күресуші ретінде көрсетуге өте ықыласты дей келе, осы өңірлердегі әлі пайдаланылмаған және негізінен мемлекеттік архивтердегі тиісті құпия деректерді іздеудің жалғасуына байланысты бұл тақырыптың әлі де толық зерттелмегенін түсіндіреді (Tasar, 2017: 41). Ал, М. Шоқайдың жазбаларынан оның басмашыларға қатысты көзқарасының әр кезеңде әртүрлі болғанын байқауға болады. Яғни М. Шоқай бұл қозғалысқа ұлт-азаттық күрес сипатын беруге асықпаған. Тағы бір айта кетерлігі М. Шоқай бұл тақырыпқа қатысты еңбек жазған Орта Азиядағы алғашқы зерттеушілердің бірі айта кету қажет.

Нәтижелер

Қазан революциясынан кейін большевиктер патшалық кезеңде езгі көрген халықтардың, оның ішінде мұсылман ұлттардың қолдауына ие болу үшін оларға үндеу жариялап, түрлі уәделер берді. Соның алғашқысы 1917 ж. 2 қарашада жарияланған И. Сталин мен В.И. Лениннің «Ресей халықтарының құқығы жөніндегі Декларациясы» еді. Декларацияда Ресей халықтарына теңдік, егемендік, өз мемлекеттерін құруға деген таңдау еркіндігі берілетіндігіне, ұлттық, діни артықшылықтар мен шектеулердің алынып тасталатындығына және Ресей аумағында өмір сүретін барлық ұлттардың еркін дамуына уәде етілді. Одан соң, 1917 ж. 20 қарашадағы «Шығыс пен Ресейдің еңбекші мұсылмандарына арналған үндеуде», патшалық Ресей аумағында өмір сүрген, патша билігі тарапынан діндері мен дәстүрлері зардап шеккен бүкіл мұсылмандарға діни және ұлттық ерекшеліктерінің сақталуына толық мүмкіндік берілетіндігі айтылды. Осылай дей келе большевиктер аз ұлттарды Қазан революциясын және оның үкіметін қолдауға шақырды. Большевиктер шетелдік мұсылмандардың да қолдауын алу мақсатында, Стамбулдың түріктердің қолында қалуы керектігін және Европалықтардың Түркия мен Персияны бөлшектеуіне қарсы екендіктерін білдірді (Zholdassuly, 2023: 32–34).

Ал, 1918 жылы 23 қаңтарда Совет үкіметінің дін мен мемлекеттің қарым-қатынасын реттейтін басты құжаты «Шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден бөлу туралы» декреті жарияланды. Декретте дінді ұстану әрбір жеке адамның ар-ождан бостандығы деп саналатындығы мен мемлекеттің дінге қатысты бейтараптылығы көрсетілді. Сонымен қатар, мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпайтындығы, өз кезегінде діннің де мемлекеттің ісіне араласпауы керек екендігі жазылды (Zholdassuly, 2023: 34–35). Бірақ зайырлылық реформасын қарапайым мұсылман халықтар терең түсіне қоймады. Орта Азияның негізінен діндар әрі әсіре дәстүршіл аймақтарының халқы зайырлылықты «дінсіздік» санады деуге болады. Діни вақфтарға, діни соттарға және діни білім беруге қауіп төнетінін білген мұсылмандар, советтік зайырлы реформаларға наразылық білдіре бастады. Бұл наразылық ғылыми әдебиеттерде басмашылар қозғалысы деп аталған ұзаққа созылған көтерілістерге ұласты.

Кеңес үкіметі Қазан революциясынан кейін жариялаған өзінің декларациясы мен мұсылман халықтарына жасаған үндеуіндегі ұлттық және діни мәселелерге қатысты уәделерін орындамады. Соның бір мысалы 1918 жылдың ақпанында Түркістан автономиясының

құлатылуы болды. Бұл үлкен наразылықтарға себеп болды. 1918 жылы 30 қаңтарда большевиктер Қоқан қамалына шабуыл жасағанда, қарусыз Қоқан халқына Ферғаналық басмашылар көмекке келді. Осылайша, халық басмашыларды құтқарушы ретінде көре бастады (Мятежная Фергана, 2012: 144–146).

Басмашылар көтерілісінің көптеген себептері болды, бірақ басты себебі большевиктердің дінге қарсы ұстанымдары еді. Мұны көтеріліс барысында басмашылардың мұсылман халықтарға жасаған үндеулерінен көре аламыз. Мәселен, басмашы көсемдерінің бірі Мадамин бек тобына кірген Палван курбашы отрядының анты мынадай еді:

Алла бізді шайтанның азғыруынан сақтасын! Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Біз, Түркістанның ұлттық жауынгерлері, жаратушымыз, пайғамбарымыз Мұхаммедтің атымен, дініміз бен ұлтымыздың абыройы мен игілігі жолында өзімізді құрбан ететіндігімізге, курбашыларымыздың сөзін екі етпеуге, оларға сатқындық қылмауға және жеке бастың пайдасын көздемей оларды тыңдауға уәде береміз. Егер уәдемізді бұзсақ, Алла біздің жазамызды берсін: әйелдеріміз бізге зина жасасын, аналарымыз бізге әйел болсын. Егер өз жолымыздан, өз курбашыларымыздан бет бұрар болсақ, Алла жанымызды алсын. Алланың атымен ант етеміз (Против религиозного обмана и мракобесия, 1970: 133). Тағы бір мысал, 1921 жыл 15 шілдедегі Ферғана басмашылары басшыларының Түркістан және Ферғана еңбекшілерін «Алла және шарифат атымен» Кеңес өкіметіне қарсы күресуге шақырған үндеуінде былай делінген:

Билік басындағы большевиктердің, еврейлердің жалған сөздері мен қулықтарына алданып, қалаларынан, ауылдарынан, жақындары мен туыстарынан айырылған, өтірік пен арам ойдың құрбанына айналған Түркістан мен Ферғананың диқандары, саудагерлері және езгіге ұшыраған барлық халқы! Кеңес үкіметі орнағалы бері ол билікті қолдаған және мақтағандардың бәрі сізге әдемі сөздер айтып, толық бостандық туралы еліктірер уәделер бергенін білесіздер. Енді сол уәде етілген тыныштық қайда? Жейтін еттерің қайда? Киімдерің қайда?... Олар жаратушы Алланы, ешқандай дінді және шарифатты мойындамайды. Барлығын өздеріне ұқсатып, дінсіз еткісі келеді...

Олардың тағы бір лас тірлігі еркек пен әйелдің және мұсылман мен мұсылман емес ұлттардың арасындағы айырмашылықтарды алып тастағысы келетіні. Мысалы, олардың заңы бойынша орыс пен еврей, армян мен мұсылман бір-біріне қызын бере алады, тіпті әйел адам тұрмысқа шықпаймын дей алатындай еркіндігі болады. Әйелдер күйеулерінен ажырасқысы келсе, бұл тұрғыда олардың барлық құқығы қорғалып, идда мерзімін мойындамай, шарифат бойынша неке қимай, өз қалаулары бойынша үйленуге құқылы болады екен... Бұл дінсіздер осылайша адам қоғамын тауық қоғамына, адамдарды айуанға айналдырғысы келеді.

Сіздің большевизмдеріңіз бен коммунизмдеріңіз осы. Осы арамдықтан сақтану үшін сақтық шараларын жасамасандар, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ақиқат жолымыздан тайып, дінін, ұлтын және тарихын ұмытасандар. Егер ондай болса ол қылмыстарың үшін жауапты болып, Алламыздың қаһары мен азабына ұшырайсыңдар. Көзіндеріңді ашыңдар, бұл ұйықтайтын уақыт емес; Әйелдеріңіз бен балаларыңыздың намысын қорғау үшін қолдарыңа қару алып, большевиктерді жеңіңдер... (Против религиозного обмана и мракобесия, 1970: 133–135).

Бұл құжаттардан басмашы басшыларының әсіре консервативтік көзқараста болғанын, зайырлылық пен жаңа реформаларды өздерінің өмір салты мен діни дәстүрлеріне қауіпті санағанын байқауға болады. Жалпы басмашылардың большевиктерді дінсіз санағаны және большевиктермен күрестің олар үшін дін үшін соғыс болып саналғаны осы мұрағат құжаттарынан анық көрінеді. Мысалы, 1921 жылы Ферғана оазисіндегі мұсылман халық арасында таратылған басмашылардың үндеуінде: Мәртебелі Мұхаммедтің атымен бастаймын! Ей, мұсылмандар, жолдастар! Біздің жауларымыз көп. Өмірлеріңнен айырылсаңдар да діндеріңе берік болыңдар. Әй, мұсылмандар, сіздерден шарифат атымен сұраймыз, бізге қаржылай көмек беріңдер. Бізге көмек берсеңдер, дінімізді бұзғандарды жерімізден қуып шыға аламыз делінген (Против религиозного обмана и мракобесия, 1970: 135).

Басмашылар қозғалысы жүйелі түрде болған жоқ. Түркістанның жекелеген

аймақтарында және әр түрлі кезеңдердегі көтерілістер бір-бірімен байланыссыз өтіп жатты. Оған қоса, басмашылар қозғалысы Түркістанның әр аймағында бірдей қарқында болмады, негізінен Ферғана, Бұхара және Хиуа аймақтарында орын алды (Үешилот, Özdemir, 2021: 281–283). Ал, жалпы алғанда діни қауымның аймақтың большевизациясына қатысты реакциялары әртүрлі болды. Бір жағынан, біз басмашы деп аталатын жиһад ұранымен жүргізілген ұзақ мерзімді антисоветтік күрестің өршуін көреміз. Екінші жағынан, дінбасылардың бір бөлігі екі жақтың әскері мен әскери техникасының мүлдем тең емес екендігін көріп, басында «ар-ождан және діни сенім бостандығына» уәде берген бұл жаңа билікпен ымыраға келу керек деп санады (Бабаджанов және басқалар, 2007: 18).

Наразы мұсылман дінбасылар тарапынан қазан төңкерісінен кейін «пайғамбардың жасыл туы» атты топтар да құрылған. Осылайша кейбір дінбасылар мен молдалар да басмашыларды дін атымен советтік билікке қарсы көтергісі келді (Куроедов, 1982: 78). 1923 жылы басмашылар қозғалысына қатысқан А.З. Валиди де: басмашылардың көпшілігі фанатик молдалардың ықпалында болды деп жазады (Есмағамбетов, 2012: 187). Басмашылар қозғалысында Нақшбандилік сопылық топ өкілдері мен ишандардың да ерекше белсенділік танытқанын атап өткен жөн (Гусева, 2013: 101). Дәстүрлі сопылықтың ірі орталығының бірі саналған Орта Азиядағы сопылық тариқаттар мен топтардың жетекшілері революциялық күштерге қатаң түрде қарсылық көрсетті. Тариқат пірлерінің көбі өз мүридтерін жиһад ұранымен қолдарына қару ұстаған басмашылардың қатарына қосты. Кейбірі бұл қозғалыстың кейбір топтарын өздері де басқарды. Ишандар барлық жерде басмашылармен белсенді түрде тығыз байланыста болды. Олар сондай-ақ кеңестік аппаратқа және оның жүргізетін қызметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ишандар өздерінің мүрид орынбасарлары (қалпелері) арасынан жаңа ишандар дайындап, өз орындарын нығайтуға тырысты. Пірлердің мазарлары, дәруіштердің баспаналары көбінесе наразылық топтардың ұясына айналды. Мысалы, жергілікті шейхтардың қолында болған Орта Азияға кеңінен танымал Ферғана аймағындағы Шахмардан мазары Ярмат Мақсұм мен Нұрмат курбашының басмашы топтарының арасында жиһадты насихаттауға тірек болған (Петраш, 1981: 75–76).

Тіпті Мухалидия Мақсұм, Абдулкадир Мухиддин секілді кейбір жәдидшілер де, А.З. Валиди секілді зиялар да басмашыларға қосылды. Басмашы сөзі баста жолдағы керуендерді тонап жүрген қарақшыларға қатысты қолданылса да, көтеріліс Қытай шекарасынан Иран шекарасына дейін кеңейген кезде, басмашы термині халық арасында ерліктің және исламға берілгендіктің синониміне айналды деуге болады. Бірақ советтік тарихнамада айтылғандай басмашыларға іс жүзінде сырттан ешқандай көмек көрсетілмеді, тіпті көрші Ауғанстан мен Иран да көмектен бас тартты. Тіпті бұл екі мемлекет КСРО-мен келісімшартқа отырған әлемдегі алғашқы елдердің бірі болды (Taheri, 1991: 170–171).

Кейбір деректерде, 1920–1922 жылдары басмашылардың 16.000-ға жуық қарулы күші болғаны және олардың негізінен атты жауынгерден құралғаны айтылады. Наразылардың арасында Түркістандық мүфтий Шериф Қожа да болған. Шериф Қожа 1918 жылы большевиктерге қарсы мұсылман делегациясын Түркияға бастап барып, одан жасырын оралған адам еді (Monteil, 1992: 41, 43). Басмашыларға қосылған Энвер паша да бұл қозғалысты ашық түрде «кәпірлерге қарсы ғазуат» деп атаған. Тіпті Ауғанстаннан келген еріктілер тобы қолбасшыларының бірі Мавлави Абул-Хайырды өз қозғалысының шейх-ул-исламы лауазымына тағайындаған (Россия – Средняя Азия, 2013: 264).

Орта Азиядағы наразылықтар мен басмашылар көтерілісіне байланысты Советтер өздерінің зайырлы реформалары мен дінге қарсы ұстанымдарынан 1920 жылдардың соңына дейін уақытша бас тарта тұрды. Тіпті советтер 1922 жылдың мамырында Түркістан, Бұхара Республикалары аумағында діни ұйымдарға кейбір вакфтық жерлерді кері қайтарды. Жергілікті қазы, би соттарын қалпына келтіріп, діни мектептерді заңдастырды. Діни ұйымдарға вакфтық жерлерді қайтару ісі оңтүстік Қазақстан территориясында да жүргенін айта кету керек (Жолдасұлы, Бенхұр, 2019: 54). Аймақта билігі толық орнықпаған әрі мұсылмандардың қолдауына мұқтаж болған большевиктер осылайша саяси шарттарға

байланысты өз діни саясатынан бас тарта тұрды.

Большевиктер Советтік Түркістанда 1920 жылдар бойы «жиһад» ұранымен әрекет еткен және оны Орта Азиядағы мұсылман халықтың едәуір бөлігі қолдаған басмашылардың қарулы антисоветтік қозғалысын қатты бақылауда ұстады және оларға қарсы үгіт-насихатқа мұсылман дінбасыларын да тарта білді. 1922–1929 жылдардағы ОГПУ-дың есептері Қызыл Әскер жасақтары мен басмашы «бандалар» арасындағы көптеген қанды қақтығыстар туралы хабарламаларға толы болды (Ислам и советское государство, Вып. 1, 2010: 14). Басмашылар қозғалысы мен совет әскері арасындағы күрестің кескілескені сонша, кейбір деректерге қарағанда, 1922 жылдың жазында Советтік Түркістандағы 200 мыңнан астам совет жауынгерінің шамамен 100 мыңы Ферғана аймағында орналасқан. Сондай-ақ, аймақтағы Совет әкімшілігінің революциялық соғыс комитеті 1923 жылы 25 желтоқсанда мұсылман дін қызметкерлерін жинап, оларды басмашыларға қарсы пайдалану туралы шешім қабылдаған (Yaman, 2012: 29–30).

Қозғалыстың ірі орталығының бірі Шығыс Бұхарада 1922 жылдың басында 10 мың адамдық басмашы топтары Совет үкіметіне қарсы шешуші әрекеттерге кіріскен. Діни ұрандарды да қолданған басмашылар қозғалысы диқандардың да қолдауына ие болды. 1922 жылы сәуірде антисоветтік ұлттық ұйымдар Самарқанда Түркістан мұсылмандары жиынын өткізген. Онда Түркістан-Түркі тәуелсіз республикасын құру жоспары қабылданып, жеке меншік пен шарифат заңдарын қалпына келтіруді талап ететін қоғамдық-саяси бағдарлама жасалған (Саидбаев, 1984: 151).

Түркістан большевиктері де басмашылармен пәрменді күрес жүргізуде мұсылман дінбасыларын қолдана білген. Мысалы, 1923 жылы 23 желтоқсанда Лоқай тайпаларының барлық молдалары қатысқан Бүкіллоқай конференциясы өткізіліп, олар бірауыздан Совет үкіметі исламға қайшы келмейтінін жариялаған және оған қарсы күресіп жүрген басмашылардың әрекетін дінді қорғау мүддесімен байланыстыра алмайтындарын мәлімдеген. Діни белсенділердің бұл шешімі Шығыс Бұхара сенушілеріне әсер етпеген деуге де болмайды. Жиналыста барлық молдалар басмашыларға қарсы үгіт-насихат жүргізуге міндеттелген деуге болады. Мұндай жиындар 1924 жылдың қыс айларында Шығыс Бұхараның басқа аймақтарында да өткен. Олар дінбасылардың қолтаңбалары қойылған құжаттар арқылы басмашыларды бейбіт өмірге, еңбекке оралуға шақырып үндеулер жариялаған (Саидбаев, 1984: 160).

1924 жылғы Бұхара халық республикасының съезі де Құранға сүйене отырып, халық үкіметін қолдайтынын және басмашылар қозғалысын толық айыптайтынын мәлімдеп шешім қабылдаған (Аширов, Исмаилов, 1984: 37). Сол 1924 жылы Бұхарада шамамен 115-тей адам қатысқан әртүрлі дінбасылардың съезі өткен. Съезде көтеріліске қатысты шешім талқылаусыз қабылданып, съезд атынан басмашылар «исламның жаулары» деп жарияланған (Гробница пророка, 2012: 511–514). 1924 жылы большевиктер Бұхара улемасына көтерілісшілердің діннен шыққаны туралы пәтуа беруді сұрағанда, «Қызыл Узбекистан» газетінің 1925 жылғы 27 қыркүйектегі санында Шығыс Бұхара улемасының мына пәтуасы жарияланған: шарифат тұрғысынан басмашылардың әрекеттері заңсыз және исламдық ой-пікірлерге сәйкес келмейді. Басмашылар Кеңес үкіметіне өз еркімен берілмесе, олар бидғатшы болып есептеледі және оларды өлтірген адам «гази» деп құрметтеледі, ал оларға қарсы шайқаста қаза тапқан адам «шейіт» болып саналады (Во имя Аллаха, Милостивого, 2012: 97).

1927 ж. 4 маусымдағы ОГПУ-дың Орта Азиядағы өкілінің есебінде басмашылардың жеңілгендігі туралы жазылған. ОГПУ-дың сүйіншілегеніндей басмашылар қозғалысы 1927 жылы бітпегені белгілі. Ұжымдастыру мен кәмпескелеу науқанына байланысты басмашы қозғалысының 1929 жылы қайта жанданған. Оған қоса ОГПУ-дың сол құжатында: дінбасылардың кеңес өкіметіне қарсы жүргізген күресіне көз жүгіртсек, жалпы дінбасылардың (консеваторлар да, реформистер де) біртұтас майдан болып советтерге қарсы шыққанын және олардың әртүрлі топтарының әрекеттері тек әртүрлі тактикамен айқындалғанын көруге болады. Олардың бір тобы басмашылар қатарында белсенді әрекет етсе, ал басқалары басмашыларға идеологиялық жағынан басшылық жасады делінген

(Ислам и советское государство, 2010: 98, 105–106). Бұл құжаттан большевиктердің өзіне қолдау білдірген дінбасыларға да, реформистерге де (немесе жәдидшілерге) сенбегенін байқауға болады. Түркістан аймағында билігі әбден орныққан большевиктер 1920 жылдардың соңынан бастап дінге қарсы шабуыл бастап, кезінде өзіне қарсы шыққан дінбасыларды да, қолдаған дінбасыларды да қысымға ұшырата бастады.

Совет үкіметі 1929–1931 жылдардағы советтік ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің де барлығын басмашы қозғалысымен және оны ұйымдастырушы дін өкілдерімен, молдалармен және ишандармен байланыстырды. Көптеген советтік зерттеулерде қазақ даласында болған көтерілістердің көпшілігіне бандиттік деп баға берілді. Соның бірі Батпаққара көтерілісі басмашы қозғалысының көрінісі деп бағаланды. Соңғы зерттеулерде, 1928 жылы қазақтың ірі байларын кәмпескелеу науқанына, совет үкіметінің жүргізген саясатына және сол кезеңдегі түрлі зорлық-зомбылықтарға қарсы халықтың наразылықтары қазақ халқының азаттық жолындағы күресі екендігі айтылады. Бұл көтерілістерде халықтың дінбасыларға да арқа сүйегені белгілі (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5208-іс. 57–69 пп).

Архив құжаттарынан байқағанымыздай, советтік билік сол жылдары Қазақстанда орын алған көтерілістерді басмашылармен байланыстырды. Мәселен, 1929 жылғы Бостандық ауданындағы болған көтеріліс жайындағы советтік жазбаларда, Бостандық ауданы 1924 жылға дейін басмашылар қолында болды делінсе, ал сол көтерілістің басшыларын басмашы Истамбек Ченыбековпен тікелей байланыста болды деп айыптайды (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау, 2022: 34-36) Қызыл тулы кавалериялық 11-дивизия командирі Евсеевтің Қазақ өлкелік партия комитетіндегі «1930 жылы наурыз, сәуір, мамыр айларындағы Қазақстандағы арнайы мақсаттағы жасақтың жауынгерлік іс-қимылдары туралы» баяндамасында, «елді мекендердегі партиялық ұйымдардың әлсіздігінен, рушылдықтың және діни наным-сенімдердің күшті болуы салдарынан Қазақстанның бірқатар аймақтарында советтік саясатқа наразы қазақ халқының қалың бұқарасы молдалардың, ишандардың, байлардың, атқамінерлердің шексіз ықпалына түсті және олар өздерін Совет үкіметін құлатып, Қазақстанда хандық құруды мақсат етіп қойған бірнеше бандаларға ұйымдасты» деп айыптай сөйлеген. Сонымен қатар, Қазақстандағы шаруалар көтерілістерін Украинадағы советтерге қарсы азаттық қозғалыспен салыстыра келе «...Рим Папасының советтерге қарсы жорығы үгіт-насихат сипатында болса, Қазақстандағы қазақтардың 25 мың ұлттық әскері сол сарбаздар тарапынан қолдау тапқан молдалардың қарулы қозғалысы сипатында болды» деп жазған (ҚР ПА. қ. 141-қ. 1-т. 2953-іс. 38–39 пп). Осы құжатта советтер барлық көтерілісті басқаратын бір орталық болды деп айыптай келе, барлық көтерілістің (бандалардың) басында молдалар, ахундар, хазіреттер тұрғанын атап өтеді. Мысалы, Ырғыз бен Арал аудандарындағы 6 көтеріліс басшысының төртеуін Мұхантай Саматұлы (ахун), Исатай Сатыбалдыұлы (3 мешіт ұстаған молда) басқарса, Қаракұмдағы көтерілісті Жұмағазы Бәйімбетұлы (молда) мен Ақмырза Төсұлы (ишан) басқарған.

1930 жылдың қаңтарында өз ізбасар мүридтерімен бірге қарулы көтеріліс бастаған Ақмырза ишан 1930 жылдың 26 наурызында советтік арнайы жасақпен болған екінші шайқаста көтерілістің бірнеше басшысымен бірге қаза табады. Ақмырза ишан қайтыс болған соң, оның бауыры Тоқмырза Төсов, Садырбай Әлібаев және Тұрмахан Досымов бастаған ізбасарлары көтерілісті жалғастыру үшін тірі қалған наразылармен бірге Қызылқұмға шегінген. Бірақ Садырбай Әлібаев көп ұзамай қолға түскен және оған қатысты 1930 жылғы 31 шілдедегі айыптау қорытындысында оның 1930 жылы 14 наурызында Ақмырза ишан тарапынан көтерілістің қолбасшысы әрі ханы болып сайланғаны жазылған. Сонымен қатар, Садырбай Әлібаев өзінің тергеушіге берген жауабында: Мен ишанның ізбасар мүриді ретінде ишанның контрреволюциялық әрекетіне қатысудан бас тартуға хақым жоқ еді және Алланың қалауымен дұрыс істеп жатқанымға толық сенімді болдым деген (ҚОПДА. 12-қ. 1-т. 79-іс. 2–2 арт. пп.).

Қазақ АССР бойынша ОГПУ өкілі және оның 2-ші бөлімінің басшысы Шумиловтың 1931 жылы 22 қазандағы «Қазақстан жеріндегі 1929–1931 жылдардағы көтерілістер мен бандалық бой көтерулер туралы» құпия анықтамасында көтерілісшілердің әр түрлі діни

ұрандары туралы баяндалады. Мәселен, Бостандық ауданындағы (бұрынғы Сырдария округі) көтерілісте «Кеңес өкіметі жойылсын», «Ислам діні жасасын» деген ұрандар болса, Батпақара ауданындағы көтерілісте «Жасасын азат Қазақстан», «Дін бостандығы» деген ұрандар болған. Ал, Абыралы ауданында «Қазақтар мұсылман ретінде бірігуі керек, қажет болса Мұхамедтің туының астында өлуі керек» деген ұрандар көтерілген. Одан басқа Созақ көтерілісшілері «Алла Ху! Алла Ху!» деп ұрандаса, Сарысу, Шаян және Талас аудандарындағы көтерілісшілер «Қасиетті соғыс үшін», Бірғыз бен Жетіқара көтерілісшілері «Мұсылман діні үшін өлеміз», «Совет үкіметі мен коммунистер жойылсын», «Қазақ халқы жасасын» деп ұрандаған. Ал Қармақшы ауданында Ақмырза ишан бастаған көтерілісшілер «Біз мұсылман діні үшін коммунистік залымдарымен күресіп өлеміз» деген ұран көтерген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5052-іс. 315–321 пп). Созақтағы бас көтеруде халық ақ жалаумен көшеге шығып, бір ауыздан дауыстап дұға оқып өткені, ал, әйелдер көшенің екі жағында жылап тұрғаны жазылған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2968-іс. 146 п). Сонымен қатар, 1930 жылы 30 сәуірде Қарақұм көтерілісінің басшылары мен үкіметтік комиссия арасында болған келіссөзде де, 1928 жылы орта таптан әділетсіз тәркіленген малдарды қайтару, колхоздарға зорлап кіргізуді тоқтату, салықтарды мал-мүліктің санына қарай салу сияқты талаптарымен қатар дін бостандығын беру, мешіттерді қайтару, діни шаралар мен салттарға кедергі жасамау туралы шарттар да болған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2953-іс. 42 п). Осы көтерілісте үкіметтік комиссия көтерілісшілер талабын қанағаттандырғаннан кейін, олар ерікті түрде қару-жарақтарын тапсырады. Бірақ, большевиктер сөзінде тұрмай, Жұмағазы Бәйімбетов, Жұмаш Қабыланов, Қосжан және Досжан Қараевтар бастаған бір топ көтеріліс басшыларын тұтқындап, үштіктің шешімімен атып тастаған. Бұл суық хабар халықтың наразылығына қайтадан себеп болып, Аламесек, Қармақшы, Қарсақпай аудандарында және осы аудандарда өмір сүріп жатқан рулар Қожбан Жұбановты хан сайлап, көтеріліс қайта жанданған. Алайда, көтерілісшілер сол жылдың күзінде-ақ талқандалады. Бірақ архивтік деректер көтеріліске қатысушыларды қуғындау 1938 жылға дейін жалғасқандығын көрсетеді.

Басмашылармен күресте Қызыл Армия 1922 жылдың қазанынан 1931 жылдың маусымына дейін 516 адамынан айырылса, басмашылар болса 1924 жылдың 1 мамыры мен 1925 жылдың 1 желтоқсаны аралығында 2104 адамынан айырылған. Бұхара аймағында Энвер паша өлген соң басмашы қозғалысының көшбасшысы Ибрагим Бек Лоқай болған. Ибрагим Бек төрт жыл бойы (1922 жыл қыркүйек – 1926 жыл желтоқсан) Тәжікстанның оңтүстігі мен Өзбекстанның оңтүстік-шығысында күрес жүргізген. Ақыры жеңіліп, 1926 жылы 21 маусымда Ауғанстанға шегінген. Өзі айтқандай, күресті жалғастыруға оның адамы да, ақшасы да, қаруы да қалмаған. Бірақ ол жақта жаңа әмір Надир Шахпен арасы дұрыс болмай, Орта Азияға қайтып келген. Ұжымдастыруға байланысты 1929 жылы басмашы қозғалысы қайта жанданғаннан кейін Ибрагим Бек 1931 жылы барлық түркі халықтарына үндеу тастап, көтеріліске шақырған. Оның бұйрығымен басмашылардың бірнеше қарулы тобы және 9 мыңдай оның руласы Лоқайлар шекарадан бері өткен. Бірақ 1931 жылдың маусымында советтік жасақтармен болған шайқаста 1244 адамынан айырылған және 75 адамы тұтқынға түскен. 314 адам өз еркімен берілген. Қиын жағдайда қалған Ибрагим Бек және оның 15 көмекшісі (ішінде 4 дінбасы бар) 1931 жылы 23 маусымда өз еркімен берілген және олар 1932 жылы тамызда атылған. Басмашылардың Ибрагим Бектен басқа Салим Паша (түрік офицері), Фузайл Мақсым, Темір Курбашы, Берды Датқа, Саид Мургат, Турды Бай секілді танымал басшылары да болған. Қозғалыстар бірде тоқтап, бірде қайта жанданып отырған. Зерттеуші Ланда, басмашылар қозғалысын жалпы 16 жылға созылған дейді (Ланда, 1995: 203–205). Бірақ Қазақстанда кейбір наразылықтар 1937 жылға дейін тоқтамаған. Мысалы, қармақшылық ықпалды дінбасы Жұмағазы Бәйімбетов бастаған Қарақұм көтерілісіне қатысушылар Жұмағазы хан өлген соң наразылығын 1937 жылға дейін жалғастырған. Жұмағазы көтерілісіне қатысқан Ерназар Әлментаев және оның баласы Бедер Ерназаров бастаған бірнеше адам 1937 жылдың басына дейін қызыл әскерге жолбасшы болғандарға, көтерілісшілердің жазалаушы отрядтарына және НКВД қызметкерлеріне шабуыл жасап отырған. 1937 жылдың 4 қыркүйегінде Ерназар Әлментаев, Сыздық Егізбаев,

Дүйсембек Зубаиров, Пірәлі Біржанов, Төлеген Каначаев Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД үштігінің шешімімен ату жазасына кесілген (ҚОПДА, 12-қ. 1-т. 24-іс. 287-361 пп.).

Осылайша 1930 жылдары жаппай айыптау және жазалау науқаны басталған. Советтік Өзбекстанда да дінбасыларға «басмашыларға көмектесті», «басмашыларды жасырды», «басмашыларға қосылды», «олармен ынтымақтасты», «тыңшылық жасады», «контрреволюциялық ұйымдарға мүше болды», «контрреволюциялық үгіт жүргізді» және «басмашыларға идеологиялық басшылық жасады» деген айыптар тағылып көп адам ату жазасына кесілген (Салмонов, 2008: 81–82). Сол кезеңде тұтқындалған молдаларға ғана емес, байларға да басмашыларға қатысы бар деген айып тағылған. Мысалы, Советтік Қазақстанда 1940 жылы Кафез Айбасов және Абдулкарим Бимурзин есімді екі бай да: совет өкіметін құлатуды және біртұтас мұсылман буржуазиялық мемлекетін құруды мақсат етіп қойған Энвер пашаның басмашылар қозғалысына мүше болған деп айыпталған (Койгелдиев, 2009: 63–65). Ал, 1937 жылы тұтқындалған бірнеше ишан мен ахунға: панисламистік ұйым құрды, 1917 жылы Мұстафа Шоқаймен, «Шура-и Исламия» және «Улема Джамиати» ұйымдарымен байланыста болған деген айыптар тағылған. Бұлардың ішінде Умартюряев Юсупхан ишанға тағылған айыптар ішінде: антисоветтік панисламистік ұйымға бұрынғы басмашыларды тартқан деген сөз де болған (Койгелдиев, 2009: 266, 276).

Басмашылық қозғалыстың советтік билікке үлкен соққы болғаны анық. Қозғалыстан соң советтік дінге қарсы үгіт-насихат арқылы басмашылыққа қатысты совет қоғамында жалпы жағымсыз пікір қалыптастырылды. Тіпті ол науқанға совет дінбасылары да қатыстырылды. Мысалы, Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (САДУМ) басшысы, мүфтий Зияуддин Бабаханов 1968 жылы 23 тамызда шетелдік делегациямен болған кездесуінде: Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Орта Азияның кейбір республикаларында Совет Одағынан шығуға талпынған тенденциялар бірден орын алды. Алайда оған жалпы халық емес, бір уыс басмашылар, яғни халықтың қолдауын таппаған қарақшылар түрткі болды. Бірақ ақыры басмашылар жеңілді. Мұсылман дінбасыларға келетін болсақ, олардың арасында сол кездегі Совет үкіметіне қарсы шыққандар да болды, бірақ олардың пікірі барлық мұсылман қауымның пікірін білдірмеді деп мәлімдеген (Vakhobov, 1979: 48). Бірақ советтік теріс көзқарасқа қарамастан жалпы дінге сенушілер басмашыларға деген оң көзқарасын анық көрсетіп отырғанын да байқауға болады. Нақты айтар болсақ, 1960 жылдардың басында, Тәжік ССР-да басмашы бейігінің киелі орын деп жарияланғанына және суару каналының ол мазардың үстінен емес жанынан өткізіп салынуы арқылы аймақты суару жобасының бұзылғанына Дін істері жөніндегі кеңес өкілі қатты наразы болған (Ахмадуллин, 2020: 318).

Қорытынды

Басмашылар қозғалысын ұлт-азаттық күрес деп кесіп айту қиын. Себебі, ұзақ жылдарға созылған және бір орталыққа бағынбаған көтерілістер нақты түрді аймақтың саяси тәуелсіздігі үшін немесе ұлттық автономия үшін ортақ мақсатта күреспеді. Діни сипаты басым бұл көтерілістердің кейбірі әсіре, консервативтік көзқарастағы дінбасылардың немесе діни фанатик курбашылардың басшылығымен жүргізілді. Олар негізінен дін атымен қалыптасып қалған жергілікті қоғамдық-саяси қатынастар үшін, діни дәстүрлері үшін күресті. Большевиктердің діни реформаларын өз діни дәстүрлеріне қауіп деп санап, жаңа өзгерістер мен реформаларға қорқа қарады және оны діннен бастарту деп түсінді. Осылайша көтерілістердің көбі діни ұрандармен жүріп жатты.

Әрине советтік реформалардың жүзеге асырылуы барысындағы қателіктер өз алдына бөлек тақырып. Бірақ 1918–1927 жылдарда орын алған антисоветтік дідни сипатағы көтерілістерді дәстүршілдік пен жаңашылдықтың текетіресі деп бағалауға болады. Ал, 1928 жылдан бастап большевиктер тарапынан радикалды түрде жүзеге асырылған байлардың мал-мүлкін тәркілеу және күштеп ұжымдастыруға қарсы жүзеге асқан көтерілістер де көбіне діни сипатта орын алды. Дінбасылар, әсіресе ишандар байлармен бірге «қанаушы» тапқа жатқызылып мал-мүліктері тәркіленді және бұрынғы қожа-ишандар институты жойыла бастады. Бұл өзгерістер дінге қарсы жаппай үгіт-насихатпен, шабуылмен бірге жүзеге асты.

Сондықтан 1928 жылдан кейінгі көтерілістерді советтердің дінбасыларға және дінге қарсы шабуылына деген қарсы реакция деп те айта аламыз. Жалпы 1937 жылдарға дейін жалғасқан көтерілістерді 1928 жылға дейінгі және кейінгі деп бөлуге болады. Советтік құжаттар мен советтік тарихнамада бұл әртүрлі наразылықтардың барлығына бандиттік, басмашылық деп баға берілді.

Советтік биліктің басмашыларға деген реакциясы да әртүрлі болды. Жаппай наразылықтарға байланысты бастапқы кезеңде советтер тіпті өздерінің зайырлы реформаларынан да бас тарта тұрды. Діни білім беруге, діни соттар мен вакфтарға тиіспеді. Жергілікті мұсылмандардың діни сенімдеріне тіл тигізуден аулақ болып, ол тұрғыда өте мұқият қимылдады. Тіпті ислам дінінің жанашыры болып көрінуге тырысты және бұл дінге қатысты жұмсақ саясат 1928 жылға дейін жалғасты. Шығыс мұсылмандарының қолдауына мұқтаж большевиктер осылайша өздерінің дінге қарсы шабуылынан уақытша бастартты. Сонымен қатар, өздеріне қарсы қарулы көтерілістерді күшпен басып отыруды және оларға қарсы жаппай үгіт-насихат жүргізуді де ұмытпады. Тағы бір айта кетерлігі, большевиктер басмашыларға қарсы жергілікті дінбасыларды да қолданып, көтерілісшілерге қарсы діни пәтуәлар бергізді. Аймақта өз билігі әбден орныққан большевиктер 1928 жылдан бастап дінге қарсы шабуылын бастады. Ақыры әскери күші жағынан советтермен тең емес әрі бір орталыққа бағынбаған басмашылар қозғалысы жеңіліске ұшырады. Бірақ жекелеген наразылықтар 1937 жылға дейін тоқтамады. Осылайша ақыры жеңілетіні белгілі болған бұл қозғалыс совет үкіметін өзімен санасуға мәжбүр етті, дінге қарсы саясатты кешеуілдетті.

Sources

AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
AKRPD — Archive of Kyzylorda Regional Police Department

Дереккөздер

ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві
ҚОПДА — Қызылорда облыстық Полиция департаментінің архиві

References

- Ahmadullin, 2020 — *Ahmadullin V.A. Gosudarstvenno-musul'manskie otnosheniya v SSSR v 1944–1965 gg* [State-Muslim relations in the USSR in 1944–1965]. Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk. Moscow: M.V. Lomonosov Moscow State University, 2020. 538 p. (In Russ.).
- Ashirov, Ismailov, 1984 — *Ashirov N., Ismailov H. SSSR-degi islam men musul'mandar zhagdaiyn antisovetlik burmalauga syn* [Criticism of the anti-Soviet distortion of the situation of Islam and Muslims in the USSR]. Almaty: Kazakstan baspasy, 1984. 64 p. (In Kaz.).
- Babadzhanov etc., 2007 — *Babadzhanov B.M., Muminov A.K., fon Kyugel'gen A. Disputy musul'manskikh religioznyh avtoritetov v Central'noj Azii v XX veke* [Disputes between Muslim religious authorities in Central Asia in the twentieth century]. Almaty: Dajk-Press, 2007. 263 p. (In Russ.).
- Esmagambetov, 2012 — *Esmagambetov K. Mustafa Shokay shygarmalarynyn tolyk zhinagy* [A complete collection of Mustafa Shokay's works]. Vol. 1. Almaty: Dajk-Press, 2012. 544 p. (In Kaz.).
- Guseva, 2013 — *Guseva Yu.N. Ishanizm kak sufijskaya tradiciya Srednej Volgi v XX veke: formy, smysly, znachenie* [Ishanism as a Sufi tradition of the Middle Volga in the 20th century: forms, meanings, significance]. Moscow: ID Medina, 2013. 214 p. (In Russ.).
- Islam i sovetskoe gosudarstvo (1917–1936), 2010 — *Islam i sovetskoe gosudarstvo (1917–1936)* [Islam and the Soviet state (1917–1936)]. Sbornik dokumentov. Vypusk 2. Sostavitel', avtor predisloviya i primechanij D.Yu. Arapov. Moscow: Izdatel'skij dom Mardzhani, 2010. 209 p. (In Russ.).
- Islam i sovetskoe gosudarstvo, 2010 — *Islam i sovetskoe gosudarstvo* [Islam and the Soviet state], Vypusk 1: (po materialam Vostochnogo otd. OGPU. 1926 g.). Introduction, comp. And comment. by Yu. Arapov and G.G. Kosach. Moscow: Izdatel'skij dom Mardzhani, 2010. 152 p. (In Russ.).
- Khalid, 2011 — *Khalid A. Komünizmden Sonra İslam Orta Asyada Din ve Politika* [Islam After Communism Religion and Politics in Central Asia]. Çeviren: Ashiyan Tekyildiz. Ankara: Sitare Yayınları, 2011. 222 p. (In Turk.).
- Koigeldiev, 2009 — *Koigeldiev M.K. Stalinizm i repressii v Kazahstane 1920–1940-h godov* [Stalinism and repression in Kazakhstan in the 1920s–1940s.]. Almaty: Iskander, 2009. 448 p. (In Russ.).
- Kuroedov, 1982 — *Kuroedov V.A. Religiya i cerkov' v sovetskom obshchestve* [Religion and the Church in Soviet Society]. Moskva: Politizdat, 1982. 263 p. (In Russ.).
- Landa, 1995 — *Landa R.G. Islam v istorii Rossii* [Islam in Russian history]. Moskva: Vostochnaya Literatura RAN, 1995. 312 p. (In Russ.).
- Monteil, 1992 — *Monteil V. Sovyet Müslümanları* [Soviet Muslims]. Çeviren: Mete Çamdereli. İstanbul: Pınar

Yayınları, 1992. 284 p. (In Turk.).

Petrash, 1981 — *Petrash Yu.G. Ten' srednevekov'ya* [Shadow of the Middle Ages]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1981. 152 p. (In Russ.).

Protiv religioznogo obmana i mrakobesiya, 1970 — Protiv religioznogo obmana i mrakobesiya [Against religious deception and obscurantism]: Sbornik materialov o reakcionnoj roli religii, antiobshchestvennoj deyatel'nosti sluzhitelej kul'ta v Kirgizii. Frunze: Kyrgyzstan, 1970. 190 p. (In Russ.).

Rossiya – Srednyaya Aziya, 2013 — Rossiya – Srednyaya Aziya: Politika i islam v konce XVIII – nachale XXI veka [Russia – Central Asia: Politics and Islam at the end of the 18th – beginning of the 21st centuries]. Moscow: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta, 2013. 480 p. (In Russ.).

Saidbaev, 1984 — *Saidbaev T.S. Islam i obshchestvo* [Islam and society]. Moscow: Nauka, 1984. 302 p. (In Russ.).

Salmonov, 2008 — *Salmonov A.M. Uzbekistonda musulmon dini muassasa va tashkilotlar faoliyati tarihi (1917–1950 jillar)*. Tarih fanlari nomzodi ilmiy darazhasini olish uchun takdim etilgan dissertatsiya. Fargona: Fargona davlat universiteti, 2008. 156 p. (In Uzb.).

Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegі Memlekettik komissiyanyń materialdary (XX gasyrdyn 20–50 zhyldary) [Materials of the State Commission for full acquittal of victims of political persecution]. T. 25. Arhiv kuzhattaryndagy Turkistan oblysynyn sherli tarihy. 1918–1954 zhzh. Kuzhattar men materialdar zhinagy. Astana: Litera-M, 2022. 342 p. (In Kaz.).

Shokay, 2012 — *Shokay M. Grobnica proroka* [Prophet's Tomb] / Mustafa Shokay shygarmalarynyń tolyk zhinagy. 2 tom. Kurastyrgan: K. Esmagambetov. Almaty: Dajk-Press, 2012. 640 p. [Dni, Parizh, 1924]. (In Russ.).

Shokay, 2012 — *Shokay M. Myatezhnaya Fergana* [Rebellious Fergana] / Mustafa Shokay shygarmalarynyń tolyk zhinagy. 2 tom. Kurastyrgan: K. Esmagambetov. Almaty: Dajk-Press, 2012. 640 p. [Vol'nyi gorec, Tbilisi, 1920]. (In Russ.).

Shokay, 2012 — *Shokay M. Vo imya Allaha, Milostivogo* [In the name of Allah, the Most Gracious] / Mustafa Shokay shygarmalarynyń tolyk zhinagy. 3 tom. Kurastyrgan: K. Esmagambetov. Almaty: Dajk-Press, 2012. 664 p. (In Russ.).

Smirnov, 2005 — *Smirnov N.A. Sovyet Rusyada İslam Tarihi İncelemeleri* [Studies on the History of Islam in Soviet Russia]. Çeviren: Arif Berberoğlu. İstanbul: Evrensel Basım Yayınları, 2005. 343 p. (In Turk.).

Taheri, 1991 — *Taheri A. Kızıl Gökte Hilal: Sovyetlerde İslamın Geleceği* [Crescent in the Red Sky: The Future of Islam in the Soviets]. İstanbul: Sel Yayınları, 1991. 288 p. (In Turk.).

Tasar, 2017 — *Tasar E. Soviet and Muslim: The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943–1991*. New York: Oxford University Press, 2017. 410 p.

Vakhabov, 1979 — *Vakhabov A. Sovyetler Birliğı'nde İslam* [Islam in the Soviet Union]. Çeviren: Sibel Özbudun. İstanbul, Havass Yayınları, 1979. 120 p. (In Turk.).

Yaman, 2012 — *Yaman A. Türk Dünyasında İslam, Sovyet Ateizmi ve Kültürel Süreklilik* [Islam, Soviet Atheism and Cultural Continuity in the Turkish World]. İstanbul: Elips Kitap, 2012. 206 p. (In Turk.).

Yeşilot, Özdemir, 2021 — *Yeşilot O., Özdemir B. Sovyet Arşiv Belgeleri Işığında Basmacı Hareketi* [Basmachi Movement in the Light of Soviet Archive Documents]. Belleten, Nisan 2021, Cilt: 85/Sayı: 302. Pp. 279–309. (In Turk.).

Zholdassuly, 2023 — *Zholdassuly T. Sovyetler'in İslam Siyaseti ve Orta Asya'da Dini İdare (1943–1990)* [Soviet Islamic Policy and Religious Administration in Central Asia (1943–1990)]. Ankara: Hitabevi, 2023. 336 p. (In Turk.).

Zholdassuly, Benhur, 2019 — *Zholdassuly T., Benhur C. Sovet biliginin islamga katysty sayasaty (1922–1930 zhzh.)* [Policy of the Soviet authorities towards Islam (1922–1930)]. Kazak tarihy, 2019. No. 8(175). Pp. 53–56. (In Kaz.).

Әдебиеттер

Ахмадуллин, 2020 — *Ахмадуллин В.А. Государственно-мусульманские отношения в СССР в 1944–1965 гг.* Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Москва: Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, 2020. 538 с.

Аширов, Исмаилов, 1984 — *Аширов Н., Исмаилов Х. СССР-дегі ислам мен мұсылмандар жағдайын антисоветтік бұрмалауға сын*. Алматы: Қазақстан баспасы, 1984. 64 б.

Бабаджанов и др., 2007 — *Бабаджанов Б.М., Муминов А.К., фон Кюгельген А. Диспуты мусульманских религиозных авторитетов в Центральной Азии в XX веке*. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 263 с.

Гусева, 2013 — *Гусева Ю.Н. Ишанизм как суфийская традиция Средней Волги в XX веке: формы, смыслы, значение*. Москва: ИД Медина, 2013. 214 с.

Есмағамбетов, 2012 — *Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 1 том*. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 544 б.

Жолдасұлы, Бенхұр, 2019 — *Жолдасұлы Т., Бенхұр Ш. Совет билігінің исламға қатысты саясаты (1922–1930 жж.)* // Қазақ тарихы, 2019. № 8 (175). Б. 53–56.

Ислам и советское государство (1917–1936), 2010 — *Ислам и советское государство (1917–1936)*. Сборник документов. Составитель, автор предисловия и примечаний Д.Ю. Арапов. Москва: Издательский дом Марджани, 2010. Вып. 2. 209 с.

Ислам и советское государство, 2010 — *Ислам и советское государство*, Выпуск 1: (по материалам Восточного отд. ОГПУ. 1926 г.). Вступ. ст., сост. и коммент. Д.Ю. Арапова и Г.Г. Косача. Москва: Издательский дом Марджани, 2010. 152 с.

Койгелдиев, 2009 — *Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов*. Алматы: Искандер, 2009. 448 с.

Куроедов, 1982 — *Куроедов В.А. Религия и церковь в советском обществе*. Москва: Политиздат, 1982. 263 с.

- Ланда, 1995 — *Ланда Р.Г.* Ислам в истории России. Москва: Восточная Литература РАН, 1995. 312 с.
- Петраш, 1981 — *Петраш Ю.Г.* Тень средневековья. Алма-Ата: Казахстан, 1981. 152 с.
- Против религиозного обмана и мракобесия, 1970 — Против религиозного обмана и мракобесия: Сборник материалов о реакционной роли религии, антиобщественной деятельности служителей культа в Киргизии. Фрунзе: Кыргызстан, 1970. 190 с.
- Россия – Средняя Азия, 2013 — *Россия – Средняя Азия:* Политика и ислам в конце XVIII – начале XXI века. Москва: Издательство Московского университета, 2013. 480 с.
- Саидбаев, 1984 — *Саидбаев Т.С.* Ислам и общество. Москва: Наука, 1984. 302 с.
- Салмонов, 2008 — *Салмонов А.М.* Ўзбекистонда мусулмон диний муассаса ва ташкилотлар фаолияти тарихи (1917–1950 йиллар). Тарих фанлари номзоди илмий даражасини олиш учун тақдим этилган диссертация. Фарғона: Фарғона давлат университети, 2008. 156 с.
- Саяси қуғын-сүргін, 2022 — *Саяси қуғын-сүргін* қўрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары). Т. 25. Архив құжаттарындағы Түркістан облысының шерлі тарихы. 1918–1954 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Астана: Литера-М, 2022. 342 б.
- Шоқай, 2012 — *Шоқай М.* Во имя Аллаха, Милостивого / Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 3 том. Құрастырған: К. Есмағамбетов, Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 664 б.
- Шоқай, 2012 — *Шоқай М.* Гробница пророка / Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 2 том. Құрастырған: К. Есмағамбетов, Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 640 б.
- Шоқай, 2012 — *Шоқай М.* Мятежная Фергана / Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 2 том. Құрастырған: К. Есмағамбетов. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 640 б.
- Khalid, 2011 — *Khalid A.* Komünizmden Sonra İslam Orta Asyada Din ve Politika. Çeviren: Aslıhan Tekyıldız. Ankara: Sitare Yayınları, 2011. 222 p.
- Monteil, 1992 — *Monteil V.* Sovyet Müslümanları. Çeviren: Mete Çamdereli. İstanbul: Pınar Yayınları, 1992. 284 p.
- Smirnov, 2005 — *Smirnov N.A.* Sovyet Rusyada İslam Tarihi İncelemeleri. Çeviren: Arif Berberoğlu. İstanbul: Evrensel Basım Yayınları, 2005. 343 p.
- Taheri, 1991 — *Taheri A.* Kızıl Gökte Hilal: Sovyetlerde İslamın Geleceği. İstanbul: Sel Yayınları, 1991. 288 p.
- Tasar, 2017 — *Tasar E.* Soviet and Muslim: The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943–1991. New York: Oxford University Press, 2017. 410 p.
- Vakhabov, 1979 — *Vakhabov A.* Sovyetler Birliği'nde İslam. Çeviren: Sibel Özbudun. İstanbul, Havass Yayınları, 1979. 120 p.
- Yaman, 2012 — *Yaman A.* Türk Dünyasında İslam, Sovyet Ateizmi ve Kültürel Süreklilik. İstanbul: Elips Kitap, 2012. 206 p.
- Yeşilot, Özdemir, 2021 — *Yeşilot O., Özdemir B.* Sovyet Arşiv Belgeleri Işığında Basmacı Hareketi // Belleten, Nisan, 2021. Cilt: 85/Sayı: 302. Pp. 279–309.
- Zholdassuly, 2023 — *Zholdassuly T.* Sovyetler'in İslam Siyaseti ve Orta Asya'da Dini İdare (1943–1990). Ankara: Hitabevi, 2023. 336 p.

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Абуов Н.А., Мәлікова С.З. ӘЛЕУМЕТТІК ТРАГЕДИЯ КОНТЕКСТІНДЕ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ.....	528
Нұртазина Н.Д., Қартабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. ҚАЗАҚТЫҢ ИШАНДАРЫ МЕН ӘУЛИЕ ЕМШІЛЕРІНІҢ МҰРАСЫ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МҰСЫЛМАНДЫҚ-СОПЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ АЯСЫНДА ЖАҢАША ЗЕРТТЕУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	541

ТАРИХ

Алмагамбетова А., Уста А. ҚАРАХАНДАР САРАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЛАУАЗЫМДАР: СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	558
Бейсембаева А.Р., Абенова Г.А., Мамытова С.Н. XVIII ҒАСЫРДЫҢ 50-ШІ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АМУРСАНА КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫ: МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ.....	572
Жолдасұлы Т., Тайман С.Т., Құдайбергенова А.И. СОВЕТТІК ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДІНИ СИПАТЫ (1918–1930).....	585
Жумағанбетов Т.С. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫНЫҢ ТӨРТ ФАКТОРЫ (ҚАЗАҚ-ШАҒАТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ).....	600
Исмаилзаде С.Д., Жеңіс Ж.Ж. XI–XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК КАВКАЗ ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ.....	614
Крупко И.В., Бұрханов Б.Б. «АЗ И Я» – ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХЫ: АЙЫПТАУДАН ТАЛҚЫЛАУҒА ДЕЙІН.....	626
Кушенова Г.И. ХАЙДУ ЖӘНЕ ТАЛАС ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	642
Қаратаев Ә.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕСІ: ҚАНАТТАР, ЖҮЗДЕР, ТАЙПАЛАР ЖӘНЕ ШЕЖІРЕ.....	658
Легкий Д.М., Түрежанова С.А., Саметова Г.С. ҚАЗАҚ АКСР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОСТАНАЙ АКУШЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ (1929–1935 ЖЖ.).....	671
Сатенова М.Р., Оразов Р.Е. ТАШКЕНТ ОАЗИСІНДЕГІ ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТАСЫ (XVIII ғ.).....	687
Шотанова Г.А., Сатенова М.Р. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЭМБА ЖӘНЕ ОЙЫЛ БЕКІНІСТЕРІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	702
Эгамбердиев М., Ахантаева Ә., Ахантаева Г. СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ ЖӘНЕ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫ: ДИҚАНШЫЛЫҚ, МАЛ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы).....	714

АНТРОПОЛОГИЯ

Шайкен Ж.А. «ДЫҢ» ТИПТІ ЕРТЕТҮРКІ МЕМОРИАЛДЫҚ-КУЛЬТТІК ТАС ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ.....	729
Ярыгин С., Сакенов С., Шульга В. САНДЫҚТАУ ТАУДАҒЫ СТЕЛАЛЫҚ КЕШЕН ЖӘНЕ БЕТТІҢ РЕЛЬЕФ БЕЙНЕСІ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН).....	748

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Абуов Н.А., Маликова С.З. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И ГОЛОД В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ ТРАГЕДИИ.....	528
Нуртазина Н.Д., Картабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКИХ ИШАНОВ И СВЯТЫХ ЦЕЛИТЕЛЕЙ: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ МУСУЛЬМАНСКО-СУФИЙСКОЙ ТРАДИЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	541

ИСТОРИЯ

Алмагамбетова А., Уста А. ГЛАВНЫЕ ДОЛЖНОСТИ ПРИ ДВОРЕ КАРАХАНИДОВ: ФОРМИРОВАНИЕ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ.....	558
Бейсембаева А.Р., Абенова Г.А., Мамытова С.Н. ВОССТАНИЕ АМУРСАНЫ И КАЗАХСКИЕ ОПОЛЧЕНИЯ В 50-Е ГГ. XVIII В.: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ.....	572
Жолдасулы Т., Тайман С.Т., Кудайбергенова А.И. РЕЛИГИОЗНЫЙ ХАРАКТЕР ДВИЖЕНИЯ БАСМАЧЕСТВА В СОВЕТСКОЙ СРЕДНЕЙ АЗИИ (1918–1930 гг.).....	585
Жумаганбетов Т.С. ЧЕТЫРЕ ФАКТОРА ЧАГАТАЙСКОГО УЛУСА В ВОПРОС ВОЗНИКНОВЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (КАЗАХСКО-ЧАГАТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ).....	600
Исмаилзаде С.Д., Женис Ж.Ж. ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ ПО ИСТОРИИ КЫПЧАКОВ ЮЖНОГО КАВКАЗА В XI–XIV В.В.....	614
Крупко И.В., Бурханов Б.Б. ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ «АЗ И Я»: ОТ ОСУЖДЕНИЯ К ОБСУЖДЕНИЮ.....	626
Кушенова Г.И. ХАЙДУ И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТАЛАССКОГО КУРУЛТАЯ.....	642
Каратаев А.А. ПОЛИТИКО-АДМИНИСТРАТИВНАЯ СИСТЕМА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА: КРЫЛЬЯ, ЖУЗЫ, ПЛЕМЕНА И ШЕЖИРЕ.....	658
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Саметова Г.С. КУСТАНАЙСКИЙ АКУШЕРСКИЙ ТЕХНИКУМ В СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КАЗАХСКОЙ АССР (1929–1935 гг.).....	671
Сатенова М.Р., Оразов Р.Е. СТЕПНАЯ ЭЛИТА СТАРШЕГО ЖУЗА В ТАШКЕНТСКОМ ОАЗИСЕ (XVIII В.).....	687
Шотанова Г.А., Сатенова М.Р. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЭМБИНСКОГО И УИЛСКОГО УКРЕПЛЕНИЙ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В ИСТОРИИ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	702
Эгамбердиев М., Ахантаева А., Ахантаева Г. ОТРАСЛИ ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ НИЖНЕГО И СРЕДНЕГО ТЕЧЕНИЯ СЫРДАРЬИ: ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, ЖИВОТНОВОДСТВО И РЫБОЛОВСТВО (середина XIX–начало XX в.).....	714

АНТРОПОЛОГИЯ

Шайкен Ж.А. К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ РАННЕТЮРКСКИХ МЕМОРИАЛЬНО-КУЛЬТОВЫХ КАМЕННЫХ СООРУЖЕНИЙ ТИПА «ДЫН».....	729
Ярыгин С., Сакенов С., Шульга В. КОМПЛЕКС СО СТЕЛОЙ И РЕЛЬЕФНЫМ ИЗОБРАЖЕНИЕМ ЛИЦА В ГОРАХ САНДЫКТАУ (СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН).....	748

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abuov N.A., Malikova S.Z. COLLECTIVISATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF SOCIAL TRAGEDY.....	528
Nurtazina N.D., Kartabayeva E.T., Dautbekova M.K. THE LEGACY OF THE KAZAKH ISHANS AND HEALING SAINTS: NEW APPROACHES AND PROSPECTS FOR STUDYING IN THE CONTEXT OF THE ISLAMIC-SUFI TRADITION OF CENTRAL ASIA.....	541

HISTORY

Almagambetova A., Usta A. KEY OFFICIALS IN THE QARAKHANID COURT: SHAPING FOREIGN POLICY.....	558
Beisembayeva A.R., Abenova G.A., Mamytova S.N. THE UPRISING OF AMURSANA AND KAZAKH MILITIAS IN THE 1750S: BASED ON ARCHIVAL MATERIALS.....	572
Zholdassuly T., Taiman S.T., Kudaibergenova A. THE RELIGIOUS NATURE OF THE BASMACHI MOVEMENT IN SOVIET CENTRAL ASIA (1918–1930).....	585
Zhumaganbetov T.S. FOUR FACTORS OF THE CHAGATAI ULUS IN THE ISSUE OF THE EMERGENCE OF THE KAZAKH KHANATE (KAZAKH-CHAGATAI RELATIONS).....	600
Ismailzade S.J., Zhenis Zh. REVIEW OF RESEARCHES ON THE HISTORY OF THE KIPCHAKS OF THE SOUTH CAUCASUS IN THE XI–XIV CENTURIES.....	614
Krupko I.V., Burkhanov B.B. IDEOLOGICAL HISTORY OF “AZ I YA”: FROM CONDEMNATION TO DISCUSSION.....	626
Kushenova G. QAIDU AND THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE TALAS QURILTAI.....	642
Karatayev A.A. POLITICAL-ADMINISTRATIVE SYSTEM OF THE KAZAKH KHANATE: WINGS, ZHUZES, TRIBES AND SHEZHIRE.....	658
Legkiy D.M., Turezhanova S.A., Sametova G.S. KUSTANAY OBSTETRICAL TECHNICAL SCHOOL IN THE HEALTH CARE SYSTEM OF THE KAZAKH ASSR (1929–1935).....	671
Satenova M.R., Orazov R.E. THE STEPPE ELITE OF THE SENIOR ZHUZ IN THE TASHKENT OASIS (XVIII CENTURY).....	687
Shotanova G.A., Satenova M.R. THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE EMBA AND UIL FORTIFICATIONS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE HISTORY OF WESTERN KAZAKHSTAN.....	702
Egamberdiyev M., Akhantaeva A., Akhantaeva G. ECONOMIC SECTORS OF THE KAZAKHS ENGAGED IN THE LOWER AND MIDDLE REACHES OF THE SYR: AGRICULTURE, LIVESTOCK AND FISHING (mid-XIX – early XX centuries).....	714

ANTHROPOLOGY

Shaiken J.A. ON THE ISSUE OF STUDYING EARLY TURKIC MEMORIAL AND CULT STONE STRUCTURES OF THE “MELON” TYPE.....	729
Yarygin S., Sakenov S., Shulga V. COMPLEX OF A STELE AND A RELIEF IMAGE OF A FACE IN THE SANDYKTAU MOUNTAINS (NORTH KAZAKHSTAN).....	748

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (3)

Бас редактор:

Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:

Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 20.09.2024.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй